

БЕКІТЕМІН
ЖШС "Диана 2019"
балабақшасының меңгерушісі:
Аметова Г.Н.



ЖШС "Диана 2019" балабақшасы
2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары
Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін
реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар

Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектепалды сыныптар 2025 – 2026 оқу жылында тәрбие-білім беру процесін іске асыру кезінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын, «Педагог мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» және т.б. Заңдарын басшылыққа алуы тиіс, процесті мынадай нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асырсын:

1	Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414
2	«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000319
3	«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293
4	«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000345
5	«Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z070000306
6	«Жемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z020000343
7	Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын	https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249

	жүзеге асыру үшін материал әзірлеу.	
8	Хабарламалар нысандарын және Мемлекеттік органдардың хабарламаларды қабылдау қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1500010194
9	Жоспарлы профилактикалық екпелерді және ұжымдық иммунитеттің шекті деңгейін алмаған балаларды мектепке дейінгі ұйымдарға жіберу қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021832
10	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2100000137
11	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031
12	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200008275
13	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329
14	Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029329
15	Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100023469
16	Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033166
17	Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013227
18	Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V090005750
19	Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013272
20	Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020883

21	Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020708
22	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020317
23	Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020619
24	Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015584
25	Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1900018239
26	Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026618
27	Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2500036047
28	Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен атаанасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1800017948
29	Мемлекеттік орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында, қосымша білім беретін мектептен тыс ұйымдарда білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерді және (немесе) тауарларды, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017766

	байланысты тауарларды жосықсыз берушілердің (әлеуетті өнім берушілердің) тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы	
30	«Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялықэпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2300032368
31	«Үздік педагог» атағын беру қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020472
32	Білім беру ұйымдары түрлерінің номенклатурасы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1300008390
33	Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200007495
34	Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013317
35	Педагогтік қайта даярлау қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020147
36	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстарының білім беру бағдарламаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020567
37	Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031053
38	Мемлекеттік ұйымдар педагогтерінің жалақысын есептеу қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020622
39	Білім беру ұйымдарына және олардың аумақтарына әкелуге тыйым салынған, оларда пайдаланылуы шектелген нәрселер мен заттардың тізбесі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100022857
40	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V080005229
41	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің салалық көтермелеу жүйесі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2400034309
42	«Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2011 жылғы 1 желтоқсандағы	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300033147

	№503-бұйрығына өзгерістер енгізу туралы және «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесін қалыптастыру, сүйемелдеу, жүйелік-техникалық қызмет көрсету, интеграция және 9 ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 тамыздағы №354-бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	
43	Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029323
44	Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, қосымша білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеу қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1100007363
45	Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білім беретін мемлекеттік ұйымдардың бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2100025128
46	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700016138
47	Әдістемелік (оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік) кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесі	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V070005090
48	Өрт қауіпсіздігі қағидалары	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026867
49	Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық	https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027414
50	Білім беру деңгейлері бойынша сапаны қамтамасыз ету жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы ҚР БҒМ 2022 жылғы 23 маусымдағы № 292-бұйрығы	https://irrd.kz/sites/irrd.kz/uploads/docs/PRIKAZ_Y/2022/prikaz292_kz_17102022.pdf

51	Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарт	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G25HP000031
52	Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020619
53	Көрсетілетін білім беру қызметін алушылар бойынша ваучерлік қаржыландыруды ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру жөніндегі пилоттық жобаның кейбір мәселелері туралы	https://adilet.zan.kz/kaz/docs/G24HP000372
54	Білім беру ұйымдарындағы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы. ҚР ОАМ 26.05 2025 ж. №123 бұйрығы.	

Мектепке дейінгі ұйымның 2025-2026 оқу жылына жылдық мақсаттары мен міндеттері

Мектепке дейінгі ұйым қызметінің алдағы оқу жылына арналған мақсаттары.

Даму бағдарламасының бағыттары мен заңнамадағы өзгерістерді ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымның өткен оқу жылындағы қызметін талдау қорытындылары бойынша:

- балаға және оның ата-анасына (заңды өкілдеріне) мектепке дейінгі білім берудің тең сапалы жағдайларын қамтамасыз ететін мектепке барғанға дейін 1 жастан бастап балаларды тәрбиелеу мен дамытудың бірыңғай білім беру кеңістігін қамтамасыз ету;
- мектепке дейінгі білім берудің үлгілік оқу бағдарламалары бойынша тәрбиелеу және оқыту кезінде тәрбиеленушілердің дене және психологиялық денсаулығын, эмоционалдық әл-ауқатын қорғауға және нығайтуға кепілдік беру үшін материалдық базаны жетілдіруді жалғастыру;
- тәрбиеленушілер мен ата-аналарда педагог мамандығының маңыздылығы, оның ерекше мәртебесі туралы түсінік қалыптастыруды жалғастыру, педагогикалық қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру;
- тәрбиеленушілердің ақпараттық қауіпсіздігін арттыру.

**Мектепке дейінгі ұйым қызметінің
2025 – 2026 оқу жылына қойған міндеттері**

Белгіленген мақсаттарға жету үшін келесі міндеттерді орындау қажет.

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды дамыту моделіне сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын іске асыруды әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ету;
- тәрбие-білім беру процесінің тәрбиелік, дамытушылық және оқыту компоненттерінің интеграциясын қамтамасыз ететін бірыңғай білім беру ортасын пайдалануды ұйымдастыру;
- қазіргі күннің талаптары мен ұлттық мүдделерге сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын іске асыру мәселелері бойынша педагогикалық қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін арттыру;
- Үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру сапасына және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды енгізу тиімділігіне ішкі мониторинг жүргізу;
- сапалы, қауіпсіз білім беру мен шығармашылық ортаға қол жеткізуді қамтамасыз ете отырып, балалардың жасының және жеке ерекшеліктеріне сәйкес заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны жаңғырту.

**Топтар саны және олардың ерекшелігі, тәрбиеленушілердің
саны**

№	Топтың атауы	Жас кезеңділігі	Жас топтары	Тәрбиеленушілердің саны
1	«Балапан»	2 жас	Кіші тобы	15
2	«Ұшар»	3 жас	ортаңғы тобы	15
3	«Самғау»	4 жас	ересек тобы	15

2025 – 2026 оқу жылына арналған тәрбие-білім беру процесін талдау

II. 3 жыл кесіндісінде педагогтердің жасына, білім деңгейіне, біліктілік санатына және педагогикалық өтіліне байланысты сандық және сапалық құрамының деңгейін талдау

Тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту жөніндегі жұмысты ұйымдастыру

Анықтама: мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға қажетті жағдайлар қамтамасыз етіледі.

Мектепке дейінгі ұйымның үй-жайлары санитарлық-гигиеналық нормалар мен талаптарға сәйкес келуі керек.

Күн тәртібі білім беру процесіне қойылатын гигиеналық талаптарға сәйкес ұйымдастырылады.

Жылдық жоспарға сәйкес барлық педагогтер және қызмет көрсетуші персоналмен бірге ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде және күнделікті өмірде, өрт қауіпсіздігі, сондай-ақ балалардың өмірі мен денсаулығын қорғауға қатысты қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша нұсқамалар жүргізіледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг нәтижелері

Мектепке дейінгі ұйым жылына 3 рет мониторинг (бастапқы, аралық, қорытынды) арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламасын іске асыру сапасына ішкі бағалау жүргізеді.

Анықтама: мониторинг әртүрлі жастағы топтардың Үлгілік бағдарламасында анықталған күтілетін нәтижелерге қол жеткізу деңгейін және баламен жеке жұмыс жүргізудегі педагогтің алдағы қызметін анықтауға мүмкіндік береді.

Тәрбие процесінің тиімділігі, сондай-ақ балалардың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін 2025 – 2026 оқу жылының қорытындылары бойынша мониторингтің бастапқы, аралық және қорытынды кезеңі жүргізіледі.

Жылдық жоспардың тараулары

№	Іс-әрекеттің мазмұны	Мерзімі	Жауапты	Іс-әрекеттің мазмұны
1-тарау. Мектепке дейінгі ұйымның қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету				
1	МДҰ қызметін реттейтін құжаттарды келісу және бекіту.	Тамыз		Меңгеруші
2	Мектепке дейінгі ұйымдағы қызмет процесін ұйымдастыру бойынша негізгі заңнамалық, нұсқаулық, әдістемелік құжаттарды зерделеу және іске асыру.	Тамыз – қыркүйек		Меңгеруші
3	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту моделінің талаптарына сәйкес мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру.	Жыл бойы		Меңгеруші
4	Мектепке дейінгі ұйым қызметінің негізгі бағыттары бойынша бұйрықтар дайындау.	Тамыз		Меңгеруші
5	Педагогтердің жұмыс кестесін құру.	Тамыз		Меңгеруші, әдіскер
6	Педагогтердің перспективалық жұмыс жоспарларын құру.	Тамыз		Әдіскер
7	Педагогтердің жұмыс кестесін бекіту.	Тамыз		Меңгеруші
8	Ата-аналармен (заңды өкілдермен) шарттар жасасу.	Тамыз, жыл ішінде		Меңгеруші
9	Нұсқаулық-өкімдік құжаттарды дайындау (еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидаларын сақтау туралы).	Тамыз		Меңгеруші, шар.меңгерушісі
10	Мектепке дейінгі ұйымның педагог қызметкерлерінің штаттық кестесін	Тамыз – қыркүйек		Меңгеруші

	бекіту және тарифтеу.		
11	Мектепке дейінгі ұйымның Жарғысына сәйкес нормативтік құқықтық құжаттарды реттеу.	Жыл бойы	Меңгеруші
12	Терроризмге қарсы қорғау бойынша кешенді шаралар жүргізу.	Жыл бойы	Меңгеруші
13	Мектепке дейінгі ұйымның заттық-кеңістіктік дамытушы ортасын жаңарту және байыту жоспарына сәйкес материалдар мен жабдықтарды сатып алуға жобалар, өтінімдер құрастыру.	Жыл бойы	Меңгеруші, шар.меңгерушісі
14	Өндірістік жиналыстар мен нұсқаулықтар.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер, шар.меңгерушісі
15	Нормативтік талаптарға сәйкес еңбек шарттарын қайта қарау, қосымша келісімдерді ресімдеу.	Қыркүйек	Меңгеруші
16	Білім беру сапасын бағалаудың ішкі жүйесінің қызметін әдістемелік сүйемелдеу.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
17	Мектепке дейінгі ұйымның 2025/ 2026 жылдарға арналған стратегиялық даму бағдарламасын құру	Қазан	Жұмыс тобы
18	Мектепке дейінгі ұйымның штат кестесінде көзделген әр лауазым мен мамандық үшін еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтарды әзірлеу және бекіту.	Қаңтар	Меңгеруші
19	Мектепке дейінгі ұйымдағы қызметкерлердің қауіпсіз еңбек жағдайлары мен міндеттерін реттеу үшін еңбекті қорғау жөніндегі қағидаларды әзірлеу және бекіту.	Қаңтар	Меңгеруші
20	Мектепке дейінгі ұйымның 2025/ 2026 оқу жылына арналған жазғы сауықтыру жұмысының жоспарын құру және бекіту	Мамыр	Меңгеруші, әдіскер

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша іс-шаралар жоспары

1.	Қызметкерлерге МДҰ-да сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл мәселелерін реттейтін құжаттарға қолдарын қойдырып таныстыру.	Жұмысқа қабылдау кезінде	Меңгеруші
2.	Еңбек шарттарына, ұжымдық шарттарға, тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарттарға тараптардың ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының, іскерлік әдеп, ар-ұят нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын міндетті сақтауын көздейтін ережелерді енгізу.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
3.	Сайтта тұрған МДҰ-ғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті реттейтін жергілікті құжаттарды өзектендіру.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
4.	Жұмыс нәтижелері бойынша жыл сайынғы есепті МДҰ сайтына шығару.	Қаңтар	Меңгеруші
5.	Азаматтар және ұйымдармен кері байланысты жақсарту, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық фактілері туралы сигналдар алу мақсатында Интернет желісіндегі МДҰ ресми сайтының жұмысын қамтамасыз ету.	Тұрақты	Меңгеруші, әдіскер
6.	Ақпараттық стендті өзектендіру.	Жыл бойы	Әдіскер
7.	Еңбек ұжымының жиналыстарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнаманы орындау мәселелерін қарау.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
8.	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы қолдану (сақтау) мәселелері бойынша қызметкерлерге жеке консультация беруді ұйымдастыру.	Қажеттілігіне қарай	Меңгеруші, әдіскер

9.	Мүдделер қақтығысын реттеу және болдырмау жөніндегі комиссияның отырыстарын өткізуді қамтамасыз ету.	Негіздер болған уақытта	Меңгеруші
10.	Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлері үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тақырыбы бойынша меңгерушінің жанында мәжілістер ұйымдастыру және өткізу, оның ішінде: - сыйлықты алу және оны беру туралы хабарлама тәртібі бойынша; - сыйлықтар алғаны, пара алғаны және бергені, паракорлыққа делдал болғаны үшін жаза белгілеу туралы.	Жыл бойы	Меңгеруші
11.	Ұйымның лауазымды тұлғаларының сыбайлас жемқорлық фактілерін анықтау тұрғысынан ақпараттық байланыс арналары (электрондық пошта, телефон, МДҰ сайтының «Сұрақ-жауап» айдары) арқылы келіп түскен азаматтардың шағымдары мен өтініштерін талдау.	Жыл бойы	Меңгеруші, әдіскер
12.	Белгілі болған сыбайлас жемқорлық және өзге де құқық бұзушылық фактілері туралы құқық қорғау органдарын хабардар ету.	Жыл бойы	Меңгеруші
12.	Мүлікті түгендеуді ұйымдастыру және жүргізу. Мүлікті пайдалану тиімділігін талдау.	Қараша – желтоқсан, жыл сайын	Түгендеу бойынша комиссия
13	МДҰ-да өткізілген мемлекеттік сатып алуды мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкестігіне мониторингтеу.	Жүргізілген мониторинг нәтижелері туралы анықтама	Меңгеруші, бухгалтер, мемл.сатып алу маманы
14	МДҰ әкімшілігінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерін әзірлеуі және қабылдауын қамтамасыз ету.	Тұрақты	Меңгеруші, әдіскер
15.	БАҚ-та, әлеуметтік желілер арқылы (Facebook, Instagram, Telegram), мектепке дейінгі ұйымның сайтында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы мақалалар жариялау.	Медиа-жоспарға сәйкес	Меңгеруші, әдіскер

16.	Ата-аналардан әртүрлі шығындарға ақшалай қаражат жинау оқиғалары бойынша олардың арасында сауалнама жүргізу	Сәуір – мамыр	Әдіскер
-----	---	---------------	---------

МДҰ Педагогикалық этика жөніндегі кеңесінің жұмыс жоспары			
--	--	--	--

1	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №1-отырысы Мақсаты: Кеңестің қызметін ұйымдастыру, нормативтік базамен танысу, алдағы кезеңге жұмысты жоспарлау. Күн тәртібі: 1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190-бұйрығының қағидаларын Кеңестің мүшелеріне түсіндіру. <i>«Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы».</i> <i>(Баяндама: Кеңестің төрағасы.)</i> 2. Педагогикалық этика жөніндегі кеңес мүшелері арасында функционалдық міндеттерді бөлу. <i>(Жұмыс бағыттарын бекіту бойынша ұсыныстарды талқылау және бекіту.)</i> 3. Кеңестің 2025/ 2026 жылға арналған жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту. <i>(Бірлескен талқылау, жоспар қабылдау.)</i>	Тоқсанына 1 рет	Төраға
---	--	-----------------	--------

2	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №2-отырысы Өткізу формасы: дөңгелек үстел. Тақырыбы: <i>«Педагогикалық этика және педагогикалық мәдениет».</i> Мақсаты: педагогикалық этика мәселелері бойынша педагогтердің кәсіби рефлексиясын арттыру, кәсіби қарым-қатынас мәдениетін дамыту, практикалық жағдаяттарды талқылау. Күн тәртібі: 1.Отырыстың ашылуы. <i>(Кеңес төрағасының құттықтау сөзі.)</i> 2.«Педагогикалық әдеп және педагогикалық мәдениет» тақырыбына дөңгелек үстел: - педагогикалық мамандықтағы «әдеп» және «мәдениет» ұғымдарын талқылау; - балалар, әріптестер және ата-аналармен қарым-қатынастағы әдептілік нормалары; - педагогикалық әдеп нормаларын сақтауға байланысты практикалық жағдаяттарды (кейстерді) талдау; - кәсіби мінез-құлық мәдениетін педагог имиджінің құрамдас бөлігі ретінде қалыптастыру. 2. Дөңгелек үстелді қорытындылау. <i>(Педагогикалық ұжымға арналған қорытындылар, ұсынымдарды тұжырымдау.)</i>	Тоқсанына 1 рет	Төраға
3	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №3-отырысы Тақырыбы: «Педагог және бала» қарым-қатынас жүйесіндегі әдептілік көзқарастары» Мақсаты: педагог пен бала арасындағы құрмет, гуманистік және қауіпсіз қарым-қатынасты қамтамасыз ететін әдептілік принциптер мен нормаларды қарастыру. Өткізу формасы: практикалық жағдаяттарды талдау	Тоқсанына 1 рет	Төраға

	элементтерімен тақырыптық талқылау. Күн тәртібі: 1. Кеңес төрағасының кіріспе сөзі. <i>(Күнделікті тәжірибеде педагогикалық әдеп сақтаудың маңыздылығын еске салу.)</i> 2. Негізгі сөз: «Педагогтің баламен қарым-қатынасының әдептілік принциптері». Гуманизм, баланың жеке тұлғасын құрметтеу, сенім білдіру. Педагогикалық әдептілік, эмоционалды ұстамдылық және әділеттілік нормалары. Тәрбиеленушілерге эмоционалды және психологиялық қысымның алдын алу және оны болдырмау. 2. Тәжірибеден алынған типтік және даулы жағдаяттарды талдау мен талқылау. <i>(Кейс-талдау: бұзушылық оқиғаларын талқылау және сындарлы шешімдерді табу.)</i> 3. Педагогикалық ортада әдептілік тұрғыдан сауатты қатынастарды нығайту бойынша ұсыныстарды тұжырымдау.		
4	Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің №4-отырысы Тақырыбы: <i>«Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерінің 2025/2026 жылғы қызметін талдау»</i> Мақсаты: Кеңестің бір жыл ішіндегі жұмысының қорытындысын шығару, іске асырылған іс-шаралардың тиімділігін бағалау, қызметті одан әрі жетілдіру үшін бағыттарды айқындау. Өткізу формасы: талқылау және өзін-өзі талдау элементтері бар аналитикалық отырыс. Күн тәртібі:	Токсанына 1 рет	Төраға

	1. Отырыстың ашылуы. (<i>Кеңес төрағасының кіріспе сөзі.</i>) 1. Баяндама: «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің 2025/ 2026 жылғы қызметін талдау». Өткізілген отырыстар мен тақырыптық іс-шаралар. Өтініштермен жұмыс және педагогтерге әдеп мәселелері бойынша кеңес беру. Бекітілген жұмыс жоспарын іске асыру. Педагогикалық ұжым және әкімшілікпен өзара іс-қимыл. 2.Кеңес мүшелерінің сөз сөйлеуі: - қызметті өздік талдау; - қиындықтар, жетістіктер, жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар. 3.Талқылау және қорытындылау. Келесі оқу жылына ұсыныстар әзірлеу. 20__ жылға арналған басым бағыттарды айқындау.			
2-тарау. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспары				
№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауапты орындаушылар	Орындау мерзімдері
Мектепке дейінгі ұйымдарға және жалпы білім беретін мектептердегі (лицейлерде, гимназияларда) мектепалды сыныптарға арналған жұмыс жоспары *Білім беру ұйымы ұсынылған жұмыс жоспарын өңірдің ерекшеліктеріне, ұйымның жұмыс бағытына, тәрбиеленушілердің қажеттіліктері мен қызығушылықтарына орай толықтыра алады. **Жұмыс жоспарындағы іс-шараларды білім беру ұйымындағы тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына енгізу; *** тәрбиеленушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты күнделікті ұйымдастыру ұсынылады.				
1	«Адал азамат» бұртұтас бағдарламасының кешенді жоспарын дайындау және бекіту	Жоспар	Меңгеруші, әдіскер	Тамыз

2	«Адал азамат» біртұтас бағдарламасының жаңартылған мазмұны бойынша оқыту семинарын ұйымдастыру	Семинар	Меңгеруші, әдіскер	20 тамызға дейін
3	Кешенді жоспарды МДҰ сайтында шығару және педагогикалық қоғамдастықты ақпараттандыру	МДҰ сайтына ақпарат шығару	Меңгеруші, әдіскер	Қыркүйек
4	Бағдарламаны іске асыру мониторингі	Мониторинг	Меңгеруші, әдіскер	Тоқсан сайын
5	Бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде ақпаратты жариялау (Instagram, Facebook, Telegram) және МДҰ сайтына шығару	Мақала	Меңгеруші, әдіскер	Жыл бойы

Күнделікті іс-шаралар

Тәуелсіздік және отаншылдық

1	«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы»	Күн ішіндегі тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері ұйымдастырылады (ұйымдастырылған іс-әрекет, ойын, еңбек, зерттеу, коммуникативті, шығармашылық, танымдық іс-шаралар, серуендер, ертеңгіліктер, мерекелер, ойын-сауық).	Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілері, дене шынықтыру (жүзу) жөніндегі нұсқаушысы, қазақ тілі мұғалімдері, әдіскер, мектепалды сынып педагогі	Тәрбие-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
2	«Күй күмбірі» – балалардың музыка тыңдауға қызығушылығын, эмоционалды қабылдауын, түсінуін, музыкаға құрметпен қарауын қалыптастыру, ұлттық мәдениетке қызығушылығын арттыру, қабылдау	Күн ішіндегі режимдік сәттерде (таңертеңгі қабылдау, түскі ұйқы, тамақтану) және де	Мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшісі, тәрбиешілері, әдіскері	Күнделікті

	процесінде шығармашылық қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық зерттеу іс-әрекетінің дағдыларын дамыту.	ұйымдастырылған, шығармашылық іс-әрекеттерде балаларға күй тыңдату, балалар аспаптарында күй орындату ұйымдастырылады	мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	
3	«Ханталапай»	Ұлттық ойындар байқауы	Мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшісі, тәрбиешілері, әдіскері, мектепалдысыныптың педагогі	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
4	«Әжемнің ертегілері»	Топтағы кітап бұрышында, МДҰ-ның мобильді кітапханасында ұйымдастырылған іс-әрекеттерді өткізу, «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі», «Жас аналар мектебінің» жұмысын жандандыру, кітапханаға экскурсия ұйымдастыру	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
5	«Менің елім»	Сурет және музыка байқаулары	Мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшісі, тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес

6	«Мен Отаныммен мақтанамын»	Күн ішінде тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс- әрекеттері ұйымдастырылады (танымдық, коммуникативтік, шығармашылық)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
Бірлік және ынтымақ				
7	«Менің балабақшам»	Ата-аналарға арналған экскурсия	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
8	«Менің достарым»	Күн ішінде тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері ұйымдастырылады (ойын, танымдық, шығармашылық)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
9	«Қазақшаң қалай, балақай?»	Байқау	Мектепке дейінгі ұйымның музыкалық жетекшісі, тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
10	«Наурыз – жыл басы»	Тәрбиелеу-білім беру процесіне қатысушылардың бірлескен әрекеті, мерекелік	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері,	Наурыз

		іс-шаралар	мектепалды сыныптың педагогі, ата- ана	
Әділдік және жауапкершілік				
11	«Апта дәйексөздері»	Ата-аналармен бірлескен әрекет, ата-аналарға арналған ақпараттық стенд	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата- ана	Күнделікті
12	«Өнегелі 15 минут»	Күн ішінде тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері ұйымдастырылады (әңгімелесу, кітаптарды иллюстрацияларды қарау, аудиожазба тыңдау, сахналау)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата- ана	Күнделікті
13	«Адалдық әліппесі»	Күн ішінде тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері ұйымдастырылады (әңгімелесу, кітап оқып беру, сахналық қойылымдар, сюжетті-рөлдік ойындар, мультфильм, иллюстрациялар қарау)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата- ана	Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес

14	«Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» – табиғи ресурстарды ұқыпты тұтынуды үйрету, экологиялық тәрбие беру, табиғатқа ұқыптылықпен қарауға ынталандыру.	Балалар мен ата-аналардың, педагогтердің бірлескен іс-әрекеттері (ойын, танымдық, эксперименталдық іс-әрекеттері, ата-аналарға арналған жаднамалар, нұсқаулықтар мен ақпараттық парақшалар)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	Тәрбие-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
15	«Жасыл әлем»	Күн ішінде тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері ұйымдастырылады (зерттеу, еңбек, ойын)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	Күнделікті
Заң және тәртіп				
16	«Біз - ұқыпты баламыз»	Күн ішінде тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың түрлі іс-әрекеттері ұйымдастырылады (зерттеу, еңбек, ойын)	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	Күнделікті
17	«Барлығына рақмет»	Челлендж	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері, мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	Тәрбие-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес
18	«Қауіпсіздік ережелері»	Күн ішінде тәрбиелеу-білім беру процесінде балалардың	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскері,	Тәрбие-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес

		түрлі іс-әрекеттері ұйымдастырылады (ойын, танымдық)	мектепалды сыныптың педагогі, ата-ана	
Апта сайынғы іс-шаралар				
1	«Менің Қазақстаным» – мемлекеттік мерекелерге арналған ертеңгіліктерде ересек және мектепалды топтар/мектепалды сыныптардың тәрбиеленушілерінің Қазақстан Республикасының гимнін орындауы	Мерекелік іс-шараларда және әр аптаның бірінші күні гимнді орындау	Мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілері, әдіскерлері, тәрбиешілері, музыкалық жетекшілері, дене шынықтыру (жүзу) жөнінде нұсқаушылар	Тәрбие-білім беру процесінің циклограм. сәйкес
2	«Апта дәйексөздері» – ғимараттың дәлізіндегі ақпараттық стендтерге, Led-экрандарға, теледидарларларға шығару, мнемокестелерді пайдалану, топтардағы ата-ана бұрышына іліп қою	Ғимараттың дәлізіндегі ақпараттық стендтерге, Led-экрандарға, теледидарларға дәйексөздерді шығару	Мектепке дейінгі ұйымдардың меңгерушілері, әдіскерлері	Жыл бойы
3	«Қауіпсіздік ережесі» – жол қозғалысы ережесін, күнделікті тұрмыстағы, қоғамдық орындардағы, табиғаттағы, төтенше жағдай кезіндегі қауіпсіз жүріс-тұрыс ережелерін үйрету	Мектеп жасына дейінгі балалардың ҰІӨ, тәрбиелік іс-шараларын, дидактикалық, сюжеттік-рөлдік ойындарын ұйымдастыру	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскерлері, мектепалды сыныптардың педагогтері	Тәрбие-білім беру процесінің циклограм.және жұмыс жоспарына сәйкес
Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
Апта дәйексөзі: «Таным – шетсіз, түпсіз теңіз». Жүсіп Баласағұн				
1	1 қыркүйек – Білім күні «Балабақша – жайлы үй»	Балабақшаға экскурсия (нақты, виртуалды)	Меңгеруші, әдіскер	Бірінші апта

2	Қазақстан халқының тілдері күнін өткізу (5 қыркүйек) «Тілім – менің тірегім» мәнерлеп оқу конкурсы. «Тілге бойлау» зияткерлік-танымдық ойын.	Қазақстан халқының тілдері күнін өткізу (5 қыркүйек) «Тілім – менің тірегім» мәнерлеп оқу конкурсы	Меңгеруші, әдіскер, МДҰ педагогтері	Бірінші апта
Аптаның дәйексөзі: «Еңбек – қуаныш, жалқаулық айрылмас азап». Абай Құнанбаев				
1	Күз сыйлары: - күзгі мол астықты, көкөністер мен жемістерді жинау жұмыстары; - табиғи материалдардан композициялар жасау; - «Менің отбасым» – отбасы күніне арналған іс-шаралар; - ата-аналармен бірлескен «Табиғаттың әсемдігі», «Табиғаттағы бір күн» және т.б. экологиялық фотокөрме.	Көрме, ата-аналармен бірлескен жұмыстар, экологиялық фотокөрмедегі фотосуреттер	Мектепке дейінгі ұйымның әдіскері, тәрбиешілер, музыкалық жетекші	Екінші апта
Аптаның дәйексөзі: «Өмірде тер төгіп еңбектенбей, ештеңеге қолың жетпейді». Гораций				
1	«Самокат мектебі» танымдық-сауықтыру жобасын енгізу. Мақсаты: жолдағы қауіпсіз жүріс-тұрыс мәдениетін қалыптастыру.	«Менің көңілді самокатым» балалар мен ата-аналардың қатысуымен өтетін конкурс. Мультфильмдер көру. - https://youtu.be/Pw6S8xtX62s?si=CRAppgowiD6A_QCRv; - https://www.youtube.com/watch?v=YXiluDnHpsI; - https://www.youtube.com/watch?v=eewvn7qEI3A; - https://youtu.be/Zl10sCFssrw?si=vuv0xJ_bZBauC2F4	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар	Үшінші апта

2	Экологиялық десант.	Ұйымдастырылған іс-әрекет, өздік іс-әрекет, серуендер, бірлескен іс-әрекеттер	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскерлері, мектепалды сыныптың педагогі	Үшінші апта
---	---------------------	---	--	-------------

Аптаның дәйексөзі: «Бақыт көп еңбектенген адамға келеді». Леонардо да Винчи

1	Еңбек – ширатады. Өмір – үйретеді. (мақал)	Ұйымдастырылған іс-әрекет, өздік іс-әрекет, серуендер, бірлескен іс-әрекеттер	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, әдіскерлері, мектепалды сыныптың педагогі	Төртінші апта
---	---	---	--	---------------

Қазан – тәуелсіздік және отаншылдық айы

Аптаның дәйексөзі: «Тәуелсіздік бәрінен биік». Қасым-Жомарт Тоқаев

1	«Мен өз Отанымды мақтан етемін!»	МДҰ жоспарларына сәйкес іс-шаралар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, педагогтері, әдіскерлері	1 – 4 апта
2	Спорттық жарыс			
3	«Біздің күшіміз – бірлікте» (МДҰ педагогтері арасында)			

Аптаның дәйексөзі: «Отанына сүйіспеншілік ата-анасына, бауырларына, өскен ауылы мен қаласына, ұлтына деген сүйіспеншіліктен басталады». Бауыржан Момышұлы

1	«Бір ел – бір отбасы» атты флешмоб өткізу. Қазақ халқының ұлттық биі байқауын өткізу.	Танымдық іс-шаралар, ұйымдастырылған іс-әрекет, әдеби кештер	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, педагогтері, ата-аналар	Екінші апта
---	--	--	--	-------------

Аптаның дәйексөзі: «Мен өз отанымның ішкі ісімен өмір сүремін, тыныс аламын, жасаймын. Мен үшін оның тағдыры барлық игіліктен биікте тұр ...» Әлихан Бөкейханов

1	Ата-аналармен «Менің Қазақстаным» тақырыбына экологиялық десанттар	МДҰ жоспарларына сай іс-шаралар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, педагогтері, ата-аналар	Үшінші апта
2	Сурет байқауы және фотокөрме (жануарлар және олардың тіршілік ету ортасы (экология): - жабайы және үй жануарлары тақырыбындағы суреттер мен қолөнер; - экожүйелер мен табиғи қорықтарды зерттеу.	Жоспарларға сәйкес көрмелер мен іс-шаралар ұйымдастыру	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, педагогтері, ата-аналар	Үшінші апта
3	«Жас метеоролог» экологиялық жобасы. Жобаның мақсаты – балалардың табиғи құбылыстарға қызығушылығын дамыту, экологиялық сауаттылықты дамыту және күн райының өзгеруін бақылаудың маңыздылығын түсіну.	Мектепке дейінгі ұйымдардағы клуб және үйірменің жұмыс жоспарларына сәйкес іс-шаралар, жобалық қызмет	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, педагогтері, ата-аналар	

Апта дәйексөздері: «Атаңның баласы болма, адамның баласы бол». Абай Құнанбаев

1	Мультфильмдер, фильмдер көрсету: - Қазақстан мәдениеті мен тарихы туралы мультфильмдер (ата-аналармен бірге көру). - Қазақстанға виртуалды саяхат; - «Адалдық алаңы»	Жоспарларға сәйкес іс-шаралар, экскурсиялар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, педагогтері, ата-аналар	Төртінші апта
---	---	---	--	---------------

Қараша – әділдік және жауапкершілік айы

Аптаның дәйексөзі: Ақыл азбайды, әділдік тозбайды, арамдық озбайды. (мақал)

1	Балалардың конкурстарға, викториналарға, акцияларға қатысуы: - «Балалар жол қозғалысы ережелерін сақтайды»; - «Жол қозғалысы ережелері».	Сюжетті-рөлдік, драматизация, зияткерлік ойындар, бейнеролик көру, ата-аналарға ұсынымдар әзірлеу, танымдық іс-шаралар	МДҰ тәрбиешілері	Бірінші апта
---	--	--	------------------	--------------

Аптаның дәйексөзі: Адамдар жақсы көрсін десең, өзің адамдарды жақсы көр. (мақал)

1	«Айналамыздағы әлем» қауіпсіздік сабақтары тақырыбында LEGO-дан құрылыстарды, модельдерді, қолөнерді, мозаиканы құрастыру.	Танымдық іс-шаралар, ұйымдастырылған іс-әрекет, қауіпсіздік сабақтары, дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, ата-аналар	Екінші апта
2	Ойындар арқылы қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімді дамыту: «Ақша ал», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақша жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен».			
3	«Қиял әлемі» көрмесін ұйымдастыру: -фантастикалық жаратылыстар, ойдан шығарылған әлемдер және шытырман оқиғалар тақырыбындағы шығармашылық жұмыстар; - ерекше материалдар мен әдістерді қолдану.			

Аптаның дәйексөзі: «Адамдар әділ болса, өмір әрқашан әділ». Әбіш Кекілбаев

1	Қауіпсіздік тақырыбында жобалау қызметін ұйымдастыру. ЖЖЕ тақырыбына кітаптар оқу.	МДҰ жоспарларына сәйкес іс-шаралар	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, ата-аналар	Үшінші апта
2	Топтардағы кітап бұрыштарында ЖЖЕ тақырыбындағы балаларға арналған кітаптар болуын қамтамасыз ету.			
3	«Адалдық алаңы» тақырыбына мультфильмдер көру.			

Аптаның дәйексөзі: Әділдік бар жерде, шындық та бар. (мақал)

1	Жол қозғалысы ережелері бойынша театрландырылған қойылымдарды ұйымдастыру.	МДҰ жоспарларына сәйкес іс-шаралар	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, педагогтері, ата-аналар	Төртінші апта
---	--	------------------------------------	--	---------------

Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы.

Аптаның дәйексөзі: «Ұлтыңа, жұртыңа қызмет ету – білімнен емес, мінезден».

Әлихан Бөкейханов

1	«Менің Республикам – менің мақтанышым!»	Танымдық іс-шаралар, зияткерлік ойын	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, педагогтері, ата-аналар	Бірінші апта
2	Мультфильмдер көрсету (елдің тарихы мен мәдениеті туралы қысқа мультфильмдер мен бейнероликтер); - ертегілер мен әңгімелер оқу (ел тарихына қатысты әңгімелер мен ертегілерді оқу, содан кейін оларды талқылау); - фотокөрме (елдің тарихы мен мәдениетіне байланысты фотосуреттер көрмесі және балаларға арналған экскурсия).	Мультфильмдер көру сахналық қойылым, танымдық ойын		

Аптаның дәйексөзі: «Ел болып бірігуден асқан бақыт жоқ». Білге қаған

1	«Ағаш тамырынан нәр алады» зияткерлік ойынын өткізу (тәрбиеленушілер мен ата-аналар арасында).	Зияткерлік ойындар	МДҰ педагогтері, әдіскерлері	Екінші апта
---	--	--------------------	------------------------------	-------------

Аптаның дәйексөзі: «Тату болса – ағайын жақын, Адал болса – дос жақын». Қазыбек Келдібекұлы

1	«Тапқыр болсаң, озып көр» Тақырып бойынша қолөнер және сурет көрмесі: - жалаулар шеруі (балаларды қағаз бен бояулардан өз жалауларын жасауға шақыру); - ата-аналармен бірге қолөнер шеберханаларын ұйымдастыру (елдің рәміздерін: туларды, елтаңбаларды) қағаздан, ермексаздан немесе басқа материалдардан жасау бойынша қолөнер шеберханалары).	Балалар суретінің көрмесі, фотосуреттер көрмесі	Мектепке дейінгі ұйымның тәрбиешілері, педагогтері, ата-аналар	Үшінші апта
---	---	---	--	-------------

Аптаның дәйексөзі: Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі бекем ел озады. (мақал)

1	Ұлт бірлігі – баға жетпес байлық	Викториналар, тренингтер, әңгімелесулер, танымдық іс-шаралар	Мектепке дейінгі ұйымның педагогтері, әдіскерлері	Төртінші апта
---	----------------------------------	--	---	---------------

Қаңтар – заң және тәртіп айы

Аптаның дәйексөзі: «Адамның адамшылығы – ақыл, ғылым, жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады».

Абай Құнанбаев

1	Дидактикалық, сюжетті-ролдік ойындарды ұйымдастыру: «Ақша ал», «Айырмашылықтарды тап», «Банкомат», «Ақша ұстауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен»; қаржы сауаттылығы туралы қарапайым білімді қалыптастыру.	Танымдық іс-шаралар, ұйымдастырылған іс-әрекет, қауіпсіздік сабақтары, дидактикалық, ұлттық, сюжетті-ролдік ойындар	МДҰ тәрбиешілері	Бірінші апта
---	---	---	------------------	--------------

